

**Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Формат: Онлайн

2025 жылғы 18 желтоқсан

Төрағалық етті: А.Болатжан – Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қатысқандар: (тізім бойынша).

Қатысқандар: Вице-министр Р.Коняшкин, Комитет Төрағалары, Департамент директорлары (тізім бойынша), Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері.

Күн тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Р.Коняшкинмен танымдық кездесу.

Вице-Министр Р.Коняшкиннің ақпараттары тыңдалып, назарға алынды.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ:

Телекоммуникациялар комитетіне Мемлекеттік радиожиілік қызметімен бірлесіп:

1. Қазақстан Республикасының азаматтарының мемлекеттік шекараны автоматтандырылған биометриялық бақылау арқылы өткізуі туралы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде, соның ішінде «Бүркіт» дерекқорында көрсету мәселесін қарастыру. Қазіргі уақытта utr.gov.kz сайтында шекарадан өту туралы деректер жоқ. Мемлекеттік шекарадан өту кезінде алынатын биометриялық сәйкестендіру деректерін шекарадан өту туралы мәліметтермен, бақылаудан өту форматына (биометрия немесе өткізу пункті арқылы жеке өту) қарамастан, ақпараттық жүйелерде (соның ішінде «Бүркіт» дерекқорында) синхрондау қажеттілігі бар.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетіне:

2. Қашықтан ЭЦҚ алу үшін биометриялық деректерді өзгерту рәсімдері шеңберінде ақпараттық жүйелердегі пайдаланушыға арналған

хабарламаларды жетілдіру қажет деп ұсынылады. Атап айтқанда, пайдаланушы ЖСН немесе телефон нөмірін енгізу кезінде қате жіберген жағдайларда «телефон дерекқорда тіркелмеген» деген жалпылама хабарламаны нақты қызметтік хабарламаға (мысалы: «енгізілген деректер дұрыс емес, енгізуді қайталаңыз») ауыстыру ұсынылады. Бұл сервистің ашықтығын арттырып, қате өтініштердің санын азайтуға мүмкіндік береді.

3. Электрондық үкімет порталының (eGov) жаңа нұсқасын әзірлеу және іске қосу шеңберінде Ашық үкімет (OpenGov) порталын, оның ішінде Ашық нормативтік құқықтық актілер порталын жаңарту мүмкіндігін қарастыру. Бұл ретте Қоғамдық кеңес мүшелерінен түскен ұсыныстарды ескере отырып, оларды портал тұжырымдамасын өзектендіруге, кастдевтерге, фокус-топтарға және сараптамалық талқылауларға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп өткізу ұсынылады.

4. ШЭП сервистерінің ақылы болуы алаңдаушылық туындатады. Осыған байланысты көрсетілетін қызметтердің қымбаттауына жол бермеу мақсатында аталған мәселені нарық өкілдерінің қатысуымен, сондай-ақ әлеуметтік әмиян бөлігі бойынша қосымша талқылау ұйымдастыру ұсынылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетіне, Цифрлық шешімдер департаментіне Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен бірлесіп:

5. Заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын кезең-кезеңімен цифрландыру және оларды кейіннен бірыңғай цифрлық сервис форматына шығару мүмкіндігін қарастыру. Сондай-ақ заңды тұлғалар мен бизнес субъектілерінің мемлекеттік тізілімдерін және цифрлық дерекқорларын (профильдерін) қалыптастыру және жүргізу орынды деп саналады. Бұл мемлекеттік қолдау шараларының нысаналығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бюджет қаражатының елеулі көлемдерінің мақсатты пайдаланылуын мониторингтеу мен талдау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық Кеңес төрағасы



А. Болатжан